

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 4 ақпан N 128

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл мектебі" 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

- 1) Бағдарламаның орындалуы жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;
- 2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігін Бағдарламаның орындалу барысы туралы жыл сайын 25 желтоқсанға хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жыл сайын 20 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

4

а қ п а н д а ғ ы

N

1 2 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"АУЫЛ МЕКТЕБІ"

2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Астана

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Атауы:

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған

бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5.2.7-тармағы

Негізгі әзірлеуші: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Мақсаты: Ауылдық білім беру ұйымдарының жұмысын жақсарту, ауылдық және шағын жинақталған мектептерді басқарудың тиімділігін арттыру, ауылдық білім беру ұйымдарын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, оқу-материалдық базаны және кадрлық әлеуетті нығайту

Негізгі міндеті: Ауылдық жерде білім беру жүйесін дамыту және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ауыл оқушыларының білім сапасын көтеру, ауылдық білім беру ұйымдарындағы жұмысшыларды, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғау.

Іске асыру мерзімі: 2003-2005 жылдар

Қаржыландыру көздері: Республикалық және жергілікті бюджеттер, заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен. Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджеттің шығыс көлемі 34049,082 млн. теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен - 12123,18 млн.теңгені, жергілікті бюджеттен - 21925,902 млн. теңгені құрайды.

Күтілетін нәтижелер: Бағдарламада көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде ауылдық жердегі білім беру ұйымдарының жұмыс істеуі мен тұрақты дамуының нормативтік құқықтық базасы, әлеуметтік, экономикалық және білім беру кепілдіктері жетілдірілетін болады, бұл жастарды ауылда тұрақтандыру және ауылдық жердегі инфрақұрылымды жақсарту үшін алғы шарттар жасайды.

2. КІРІСПЕ

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5.2.7-тармағының негізінде дайындалды.

Ауылда жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыру, қоғамдық санада жүріп жатқан жер, еңбек, меншік, ұлттық сана-сезім сияқты құндылықтарды қайта бағалау ауылдық мектептің рөліне, миссиясына және даму болашағына әсер етпей қоймайды.

Ауыл мектебі жұмысы деңгейінің жай-күйі елдің аграрлық секторының еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуіне елеулі түрде ықпал етеді. Мектеп ауылдық жердегі бірден-бір білім беру және мәдениет орталығы, оқушыларды кәсіптік даярлауға дейінгі база бола отырып, тұрақтылықтың, ауылдың әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуының факторы болуда.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда ауылдағы білім беру жүйесін жаңғырту қоғамдық өмірдің айрықша әлеуметтік-мәдени құбылысы және бірыңғай білім беру жүйесінің органикалық бөлігі ретіндегі ауыл мектебін дамытуды кешенді нормативтік құқықтық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдық-басқару, қаржылық-материалдық қамтамасыз етуді талап етеді.

Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық, нормативтік және оқу-әдістемелік базасының бүгінгі жай-күйі жаңа тәсілдерді айқындауға, нақты пәрменді шаралар қолдануға және мемлекеттік қолдауға мұқтаж болып отыр.

Жоғарыда келтірілген факторлар осы Бағдарламаны әзірлеу қажеттігін туғызды.

3. АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

2001-2002 оқу жылында ауылдық жерде 276 мектепке дейінгі ұйым, 6225 күндізгі жалпы білім беретін мектеп, 202 мектептен тыс ұйым жұмыс істейді. Оларда 1,6 млн. шамасында бала оқып, тәрбиеленеді, бұл оқушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы санының жартысына дерлігін құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысымен бекітілген Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) дайындау мен басып шығарудың мақсатты бағдарламасына сәйкес білім беру ұйымдарында отандық жаңа буын оқулықтар кезең-кезеңмен енгізілуде. 2002/2003 оқу жылынан бастап қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде оқитын 1-6-сынып, өзбек тілінде оқитын 1-4-сынып оқушылары солар бойынша оқытылуда.

1997 жылдан бастап жалпы білім беретін барлық мектептер, соның ішінде елдің 4229 шағын жинақталған мектебі (ШЖМ) әртүрлі модификациядағы компьютерлік сыныптармен жарақтандырылған. Мектептерді Интернет желісіне кезең-кезеңімен қосу процесі компьютерлендірумен қатар жүзеге асырылуда. "Интернет-мектептерге" ведомствоаралық бағдарламасының шеңберінде 1124 мектеп қосылды, оның 289-ы -

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы жанында ғылым негіздері жөніндегі сырттай мектеп жұмыс істейді, оның тыңдаушыларының 34%-ы - алыстағы ауыл мектептерінің балалары. Облыс орталықтарында ауылдық жерден шыққан дарынды балаларға арналған 22 мамандандырылған мектеп-интернат құрылған. Соңғы жылдары қабылданған шаралар ауылдық мектептердің жұмысын біршама тұрақтандыруға, оқушылар білімінің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Дегенмен, мемлекет тарапынан шұғыл шаралар қолдануды талап ететін көптеген п р о б л е м а л а р б а р .

Мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландырудың қалдықты қағидаты қазіргі бар ұйымдардың желісін кеңейту ғана емес, тіпті оны сақтап қалудың мүмкіндігіне қатер төндіреді. Оқыту мен білім берудің жағдайы ата-аналардың өз балаларының білім алуына ақы төлеуінің материалдық мүмкіндіктеріне байланысты болып отырған кезде мектепке дейінгі білім беруде шын мәнінде теңсіздік қалыптасып отыр. Соның салдарынан ең бірінші кезекте табысы аз отбасыларынан шыққан балалар мектептен тыс ұйымдардан және мектепалды сапалы бағдарламаларынан тыс қалады, үздіксіз білім а л у д ы ң қ а ғ и д а т ы б ұ з ы л а д ы .

2001 жылдың 1 мамырына республиканың 43 ауылдық ауданында балабақшалар толық жабылған және білім берудің мектепке дейінгі сатысы жұмыс істемейді.

Барлық үлгідегі мектептен тыс ұйымдарды (мектеп оқушыларының үйлері, музыка көркем-сурет, спорт мектептері, аула клубтары) күрт қысқарту салдарынан ауылда тұратын оқушылардың 3,4%-ы ғана қосымша білім берумен қамтылған, яғни ауылда қосымша білім беру бағдарламасы мүлдем іске аспай жатыр.

Ауылдық мектептердің материалдық базасы шектен тыс нашар күйде: республикада ауыл мектептерінің 51,2%-ы бейімделген үй-жайларда орналасқан; 11,05 мектеп үйі күрделі жөндеуді қажет етеді; 128 ауылдық мектеп үйі апатты жағдайда тұр. Негізгі және орта мектептердің 33,4%-ының физика кабинеті, 38,2%-ының химия, 46,6%-ының биология кабинеттері жоқ. Ауылдық мектептің әрбір үшіншісінде спорт залдары, әрбір төртіншісінде о қ у ш е б е р х а н а л а р ы ж о қ .

Ауылдағы білім беру саласын жеткіліксіз қаржыландырудың қалыптасып отырған практикасы мемлекеттің мемлекеттік стандарт шегінде азаматтардың жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету жөніндегі функциясын толық көлемде іске асыруға және мектептердің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндік бермейді.

Бірқатар жылдар бойы білім беру ұйымдарын қаржыландыруда ғимараттарды жөндеуге және білім беру ұйымдарының жиһаздарының жаңартуға жеткілікті қаражат көзделмей келді. 2001 жылғы күрделі жөндеуге қажетті сома 2 есе аз, ал ағымдағы жөндеуге қажеттіліктің 26%-ы көлемінде ғана бөлінді. Мектеп жабдығының 80%-на д е й і н г і с і ж а ң а р т у д ы қ а ж е т е т е д і .

ЖШМ жұмыс істеуі үшін жағдай жасау білім беру жүйесіндегі өткір проблема күйінде қалып отыр. Нақты жағдай мен оны дамытудың ықтимал жолдарын ескеріп отыратын жүйелі тиянақталған стратегия жоқ.

2001 жылғы ауылдық мектептерден келген талапкерлерді кешенді тестілеудің нәтижелерін талдау ауыл мектептері оқушылары білім деңгейінің қалалық бітірушілерден төмен екендігін көрсетті. Олимпиадалардың, оқушылардың ғылыми жарыстарының нәтижелері де осыған куә болады. Істің бұлай болуының бір себебі ауылдық жерде білім беру ұйымдарының инновациялық желісінің нашар дамуы болып отыр. Ауылдық мектептердің 20,7%-ында ғана жалпы білім беретін пәндер тереңдетіліп оқытылады. Гимназиялар мен лицейлердің жалпы санының 10%-ы ғана ауылда орналасқан.

2001-2002 оқу жылында 30 мыңнан астам мектеп оқушысы мектептерге көлікпен жеткізіледі, 6 мың пәтерлерде тұрады, 8 мыңдай бала мектепке өз бетінше барады. Оқушылардың осы санаты ауа-райы жағдайларынан жиі сабақтан қалады. Балаларға күн сайын мектеп пен екі ортада біраз қашықтыққа жүруге тура келеді, мұның өзі олардың денсаулығына, үлгерім деңгейіне теріс әсер етеді, өміріне де қауіп төндіреді.

Балаларды жеткізудің тиімділігіне, әсіресе солтүстік және орталық аймақтарда, қатаң климаттық жағдайлар, су тасқыны, сондай-ақ арнайы көліктің және жанар-жағармай материалдардың болмауы елеулі түрде әсер етеді.

Босқындар балаларының жағдайы да алаңдаушылық туғызып отыр, олардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

Барлық аймақтарда қосымша интернаттық мекемелер ашу қажет, олардың жұмыс істеп тұрған желісі оларға мұқтаж балалардың қажеттілігін қанағаттандырмайды. Мектеп жанындағы интернаттардың 56%-ы бейімделген үй-жайларда орналасқан, олардың 62%-ның - өз асханалары, 61%-ның - су құбыры, 69%-ның - кәріз желісі, 46%-ның - моншасы немесе сусебезгісі, 39%-ның кір жуатын орны жоқ.

2002 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша мектеп жасындағы 14 мыңдай бала тұратын республиканың 492 елді мекенінде мектептер атымен жоқ.

Республикадағы арнайы түзету ұйымдарында даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың 27,5%-ы орта білім берумен қамтылған. Соның өзінде осы санаттағы 26 мың бала арнайы түзету ұйымдарына орналастыруға мұқтаж болып отыр. Көру, есту, сөйлеу органдарының кемістігі бар, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, ауылда тұратын және денсаулық жағдайына байланысты жай мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балалардың, іс жүзінде білім алуға қолдары жете бермейді.

Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруда едәуір проблемалар бар, ауылдық мектептердің 36%-ында ғана ыстық ас ұйымдастырылған.

Ауылдық мектептердің педагогикалық кадрларға мұқтаждығы 2,7 мыңнан астам адамды құрайды, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінің, математика, информатика, шет тілі, еңбекке баулу, музыка пәндерінің оқытушыларына

және мектеп алды сыныптарындағы тәрбиешілерге мұқтаждық сезіледі. Ауыл мұғалімдерінің 3 мыңдайының жалпы орта білімі ғана бар. Ауылдық білім беру ұйымдарында педагогикалық кадрлардың тұрақтамауы жоғары болып отыр.

Жергілікті бюджетте педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруға қаражаттың жеткіліксіздігінен ауыл мектептері мұғалімдерінің көпшілігі курстық қайта даярлаудан өз есебінен өтеді. Аудандық білім беру бөлімдерінің жартысынан астамында әдістемелік қызмет жоқ.

Мұғалімнің сабаққа сапалы дайындалуына мектеп кітапханаларының, қажетті әдістемелік әдебиетінің болмауы теріс әсерін тигізеді. Ауыл мектептерінің бір мыңнан астамында (19%) кітапханалар жоқ. Мектеп кітапханаларының қоры жаңартуға және сыныптан тыс оқуға арналған танымдық және басқа да әдебиетпен толықтыруға мұқтаж. Педагогикалық бұқаралық ақпарат құралдарының таралымы шектен тыс қысқарған.

Ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасы және шағын жинақталған мектептердегі біріктірілген сыныптардың көптігі мектептердің көпшілігінде оқу-тәрбие процесін балалар мен жасөспірімдердің мүдделеріне сәйкес тиісті деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Ауылдық білім беру ұйымдарының жұмысын жақсарту, ауылдық және шағын жинақталған мектептерді басқарудың тиімділігін арттыру, олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетін нығайту.

Бағдарламаның міндеттері:

ауылдық жердегі білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін және дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту; ауылдық мектептердің қызметін ашық әлеуметтік институт және көп функционалды білім беру ұйымы ретінде жаңғырту, ауылдық жалпы білім беретін мектептердің, бала бақшалардың, "мектеп-бала бақша" кешендерінің, жалпы білім беретін мектептердегі мектепке дейінгі тәрбиенің шағын орталықтарының желісін дамыту;

ауылдық білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін қаржы-экономикалық тетіктер әзірлеу әрі енгізу, педагогтардың еңбегіне ақы төлеуді жетілдіру;

білім беру қызметкерлерін, ауылдық білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар жүйесін әзірлеу; ауыл мектептерінің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды ғылыми, оқу-әдістемелік

қамтамасыз етуді жетілдіру, шағын жинақталған мектептердің оқу-тәрбие процесіне арнайы әдістемелер мен технологияларды енгізу;

ауылдық мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбие сапасын көтеру, оқушылар мен тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту;

ауылдық жерде педагогикалық кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз ету; ауылдық, оның ішінде шағын жинақталған мектептер үшін педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау деңгейін арттыру;

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүгедек балаларды және даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру жүйесін жетілдіру;

балалық шақты әлеуметтік қорғаудың ғылыми-әдістемелер базасын жасау, кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-құқықтық кепілдіктерін кеңейту, қамқорлыққа зәру балалардың мүлктік және өзге де мүдделерін қорғау.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

5.1. Ауылда білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары

5.1.1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда мұғалімдер мен басқа да педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтерудің құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажет.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл мектебінің жаңа моделін әзірлеу қажет.

Ауылдық білім беру ұйымдарының ықпалдастыру үлгілерін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, білім беру мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру, ауылдық мектепті басқару, ауылдық мектеп оқушысының жеке тұлғасын дамыту жөніндегі ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу қажет.

Аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттердің штаттық кестесі, сондай-ақ ауыл мектептеріне арналған оқу жабдықтары мен техниканың үлгілік тізбесі қайта қаралуға тиіс.

Ауылдық жерде тұратын дарынды және талантты балаларға қолдау көрсету үшін дарынды балаларды анықтау және олармен жұмыс істеу жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру қажет.

Балаларға және олардың отбасыларына әлеуметтік, сауықтыру, педагогикалық, психологиялық жәрдем көрсету үшін нормативтер әзірлеу, арнайы түзету білім

ұйымдарын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету талап етіледі, өйткені даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың проблемаларын шешу үшін жағдайлар жасау ауылдағы арнайы білім берудің негізі болып табылады.

Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғауды оларды қоғамдағы толыққанды өмірге даярлаудың басты басымдықтары ретінде қарау қажет. Балаларға әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету бойынша ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу жөніндегі арнайы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуді талап етеді.

Жергілікті атқарушы органдарға тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарында ұстауды қамтамасыз ету мәселелерінде неғұрлым кеңірек өкілеттік беру қажет.

5.1.2. Білім беру ұйымдарының желісін сақтау, дамыту және материалдық-техникалық базасын нығайту

Ауылдық жерде білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында "Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 300 қаулысымен белгіленген білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативін орындау қажет.

Тиісті үлгідегі жалпы білім беретін мектептері мен интернат ұйымдары жоқ елді мекендердің оқушылары үшін балаларды мектепке және кері қарай күнделікті ақысыз жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар балаларды жеткізу арнайы көлік бөлуді, оны ұстау мен жаңартып отыруды қамтамасыз етуі тиіс. Балаларды жеткізу қиын алыстағы ауылдарда міндетті түрде бастауыш мектеп болуы керек.

Соңғы жылдары ЖШМ-ның жалпы білім беретін мектептердің жалпы санындағы өзіндік үлесінің ұлғаюы олардың жұмысын жақсарту жөнінде шаралар қабылдауды және ауылдағы әр түрлі үлгідегі жалпы білім беретін ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептің негізгі және жоғары сатыларында сыныптарды біріктіріп оқытуға жол беруге болмайды.

Ауылдық ЖШМ жұмыс істеуін жетілдіру, олардағы оқу-тәрбие процесін оңтайландыру үшін базалық тірек мектептерінің әлеуетін кеңінен пайдалану керек.

Экономикалық орындылық, оқушылар мен олардың ата-аналарының мүдделері тұрғысынан келгенде, білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі шеңберінде мемлекеттік мектеп жанындағы интернаттардың желісін кеңейту және нығайту, облыс және аудан орталықтарында тиісті үлгідегі жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекендерден келген балалар үшін жалпы үлгідегі мектеп-интернаттар ашу қажет.

Ауылдық жердегі даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған мектептер мен мектеп-интернаттар, санаториялық мектептер мен пансионаттар желісі одан әрі кеңейтуді талап етеді. Жалпы білім беретін мектептерде көрсетілген санаттағы балаларды оқыту үшін арнайы сыныптарын ашу, оқытудың орнын толтыратын сыныптар құру, үйде оқытудың кең мүмкіндіктерін беру қажет.

Ауыл балаларына қосымша білім беру бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс істеп жатқан жалпы білім беретін мектептердің базасын неғұрлым тиімді п а й д а л а н ғ а н ж ө н .

Әрбір аудан орталығында балалар шығармашылығының орталықтары немесе үйлері , балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, балалар музыка мектептері және мектептен тыс білім беру ұйымдарының басқа да үлгілері жұмыс істеуі тиіс. Қосымша білім беру ұйымдарының оқу-материалдық базасын нығайту клуб қызметі, спорт, туризм және басқалар сияқты жаңа білім беру-тәрбиелік бағдарламаларды сапалы түрде іске асыруға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Кабинеттер ашуды және оқу жабдықтарын, физика, химия, биология бойынша зертханалық жабдықтар, шеберханалар үшін құралдар мен станоктар, еңбекке баулу сабақтарын өткізу үшін материалдар, спорттық мұқаммал, асхана жабдықтарын, интернат мекемелері тәрбиеленушілерінің киім-кешегін сатып алуды көздеу қажет. Білім беру ұйымдарындағы жиһаздың және оқу жабдығының кемінде 10%-ын жыл сайынғы жаңартуды қамтамасыз ету қажет. Әр ауылдық ауданда мектепке дейінгі тәрбиенің оқу-материалдық базасын нығайтуға жәрдемдесетін нақты шаралар қабылдау қажет: күрделі құрылыс және жөндеу, жиһазды, оқу-ойын жабдықтарын ауыстыру, мектеп алдындағы дайындықты оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен а қ ы с ы з қ а м т а м а с ы з е т у , т . с . с .

Бірінші кезекте апаттық жағдайдағы ғимараттарды қайта жаңартуды және күрделі ж ө н д е у д і жү з е г е а с ы р ғ а н ж ө н .

Оқушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, оқу процесі үшін қалыпты жағдайлар жасау үшін білім беру ұйымдарында пайдаланылатын ауыз су мен отынның с а п а с ы м а ң ы з д ы р ө л а т қ а р а д ы .

Мектептерді барлық пәндер бойынша компьютерлік оқыту бағдарламаларымен қамтамасыз ету, олардың ғаламдық компьютерлік желіге шығуына, қашықтықтан оқыту нысанының белсене енгізілуіне мүмкіндік беру керек. Білім беру ресурстарының орталығы: кітапхана және компьютерлік сынып мектеп инфрақұрылымының ұйтқысы б о л у ғ а т и і с т і .

Сервистік қызмет көрсету және мектептердің компьютерлік техника паркін жаңарту мәселелері елеулі назар аударуды талап етеді.

Жоғары сынып оқушыларының еңбекке даярлығын ұйымдастыру үшін ауылдық мектептердің оқу-өндірістік қызметін дамыту, оларға жер алаптарын бекітіп беру, оқушылардың ө н д і р і с т і к құрылымдарын құру қажет.

Арнайы білім беру ұйымдарының материалдық базасы осы заманғы талаптарға сай тәрбие беруге сәйкес болуы тиіс, арнайы жабдықты және балалардың негізгі ақауын түзетуге арналған техниканы жаңартуды көздеу қажет.

5.1.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларына қол жетімдікті қамтамасыз ету

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды ұлғайту үшін мектепке дейінгі және жалпы білім беру бағдарламаларын бір мезгілде іске асыратын "Мектеп-бала бақша" оқу тәрбие кешендерінің желісін кеңейту керек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарын және бастауыш мектеп бағдарламасымен сабақтастықты қамтамасыз ететін, соларға сәйкес базалық мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажет.

Жаңа ғылыми зерттеулердің негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет практикасына мектепке дейінгі тәрбиенің мақсаттарына сәйкес келетін, балада коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды көздейтін жаңа білім беру технологияларын әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз ету қажет. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыс әрбір баланың денсаулығын, сезімдік саулығын сақтауға және даралығын дамытуға бағытталуы тиіс.

2000 жылғы сәуірде Дакар қаласындағы (Сенегал) Білім беру жөніндегі дүниежүзілік форумда Қазақстан қол қойған "Білім баршаға" ғаламдық бағдарламасы жөніндегі Дакарлық іс-қимыл шеңбері мектепке дейінгі тәрбие саласындағы саясаттың негізі және мектепке дейінгі тәрбиенің проблемаларын зерделеу ісіндегі әдіснамалық база болуға тиісті. "Білім - баршаға" бағдарламасы барлық азаматтардың базалық білім алуына бірдей мүмкіндіктер беруге, мектеп жасына дейінгі, әсіресе неғұрлым әлсіз балаларға қатысты, күту және тәрбиелеу жөніндегі кешенді шараларды басымдықпен кеңейтуге және жетілдіруге бағытталған.

5.1.4. Оқыту мен тәрбие сапасын арттыру

Республикадағы білім беру жүйесін одан әрі реформалаудың басты басымдықтарының бірі білім беру қызметін көрсетудің қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін қазіргі ауыл мектебінің моделін құру қажеттілігі болып табылады. Қалалық және ауылдық мектептерді бітірушілердің кәсіптік бастауыш, орта және жоғары білім алудағы бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру проблемасы назар аударуды қажет етеді.

Ауылдағы білім берудің сапасын басқару дамыта оқытуды жүзеге асыруға және оқушылардың білім беру қызметтерін таңдауына мүмкіндіктер беруді көздейтін өмірде қажетті дағдыларды меңгеруіне, ауылдық жердің ерекшелігін ескере отырып, оқытудың инновациялық әдістері мен ұйымдастыру нысандарын енгізуге бағдарлануы

Ауылдық және шағын жинақталған мектептерде әрбір оқушының оқу материалын мемлекеттік стандарт талаптары деңгейінде меңгеруіне кепілдік беретін және олардың дербес танымдық қызметі үшін жағдай жасайтын оқытудың қазіргі заманғы технологияларын қолдану өзекті бола түсуде. Оқытудың денсаулық сақтайтын технологияларын қолдануға айрықша назар аудару керек. Мектептің аз толықтырылуы, біріктірілген сынып-кешендер және әртүрлі жастағы оқушылар ұжымының жағдайында деңгейлік және бейіндік саралау әрі оқытуды дараландыруды пайдаланудың қажеттігі білім берудің мазмұнын жаңартудың қағидаттары мен тәсілдерін одан әрі ғылыми негізделген зерттеуді, әсіресе оның вариативтік бөлігін, солардың негізінде ауылдық және шағын жинақталған мектептерге арналған оқу жоспарларының нұсқаларын әзірлеуді қажет етеді.

Оқытудың әрбір сатысының аяқталуы бойынша мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің сапасына үздіксіз мониторинг жүргізу және мектеп оқушыларының жалпы білім беру даярлығына тестілеуді енгізу, білім беру қызметтерін көрсету (әртүрлі деңгейдегі, тақырыптық және қорытынды тестілер, тағы басқалар) сапасын бағалаудың құралдарын жасау қажет.

Білім беру қызметін көрсетудің сапасын арттыру мүмкіндіктері көп функционалдықпен және интегративтік-білім беру функциясымен сипатталатын оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізумен байланысты. Мектептердің, мысалы, "мектеп-бала бақша", "мектеп-кітапхана-мәдени орталық", "мектеп-агробиозертхана", "мектеп-ауыл шаруашылық кешені", "мектеп-өндірістік бірлестік" және басқалар сияқты жаңа перспективалық үлгілерін дамытуды көздеу қажет, олардың базасында оқушыларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың мүмкіндіктері бар. Осыған байланысты ауылдық мектептің жаңа үлгілерін сынау үшін, мектептің ауыл шаруашылығы өндірісімен ықпалдасуының негізінде нақты социумның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, аймақтың тарихи-мәдени дәстүрлеріне барабар республиканың әртүрлі аймақтарында эксперименттік алаңдар құру керек.

Оқыту мен тәрбиелеу бірлігінің қағидаты білім берудің мазмұнын жетілдірумен бірге ауылдың білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесін құрудың тиісті әдістемелік негіздерін әзірлеуді көздейді.

Ауылдық жерде балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру, балалар қозғалысын дамыту, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтарды, қылмыстар мен қадағалаусыздықты ескерту және алдын алу ауылда қосымша білім беру желісін кеңейтуді талап етеді.

Ауыл педагогтарына көмек ретінде тәрбие мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу озық педагогикалық тәжірибені қорыту және тарату, оны ауыл мектептерінің практикасына белсенді енгізу қажет.

Жалпы білім беретін мектептер мен мектептен тыс ұйымдарды тиісті кадрлармен қамтамасыз ету, бұрын қысқартылған педагог ұйымдастырушылардың педагог-психологтардың, әдіскерлердің лауазымдарын қалпына келтіру қажет.

Ауылда қосымша білім беру жүйесі құқықтық, санитарлық ағарту жөніндегі білім беру бағдарламаларына, дағдарысты жағдайда қалған оқушы жастарға психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетуге арналған жасөспірімдер мен жастарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету орталықтарына қатты мұқтаж.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы нашақорлықтың жолын кесу және таралуын болдырмау және оның алдын алу жөнінде шұғыл шаралар талап етіледі.

Азаматтық өзін-өзі тану, интернационализм, қазақстандық патриотизм сезімдерін тәрбиелеу мәселелерінде қоғамдық бірлестіктермен, ұлттық мәдени орталықтармен бірлесіп жұмыс істеуді жандандыру қажет.

Оралмандардың және еріксіз көшіп келушілердің балаларымен әлеуметтік оңалту жұмысын жүргізу психологиялық-педагогикалық көмек технологияларын қолданудың негізінде жүйелі шешімдер қабылдауға мұқтаж етіп отыр.

Салауатты өмір салтын енгізу мақсатында балалар мен жасөспірімдерге рухани-адамгершілік тәрбие беру, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі таңдаулы ауыл мектептерінің тәжірибесін қорыту әрі тарату қажет.

Ауылдық жердегі арнайы білім беру ұйымдарының қызметін жүзеге асыру оқытудың жаңа технологияларын енгізуді, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды ертерек анықтау мониторингінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруды, балалардың жеке тұлға ретінде дамуы мен толыққанды өмір сүруі үшін психологиялық, медициналық және түзету-педагогикалық көмек жағдайларын жасауды, оларды қазіргі қоғамда өз бетінше өмір сүруге даярлауды көздейді.

5.1.5. Педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау

Ауылдың әлеуметтік-мәдени саласының ысырылуы, педагогикалық еңбектің беделінің төмендеуі, еңбекақының төмен деңгейі жағдайында ауылдық мектеп пен ауыл мұғалімінің әлеуметтік және мәдени рөлін арттыру мәселесі өте өзекті болып отыр.

Ауыл мұғалімін, әсіресе шағын жинақталған мектептің мұғалімін дайындау көп деңгейлі оқу жоспарлары мен кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді көздейді. Ықпалдастырылған мамандықтар бойынша шағын жинақталған мектептердің мұғалімдерін даярлау үшін педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қажет.

Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірушілердің ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша республиканың кәсіптік орта және

жоғары оқу орындарына түсуіне арналған 30%-дық квотасының ауыл жастарына арналған қазіргі әлеуметтік жеңілдіктерін қолдану тиімділігін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қабылдау қажет. Жергілікті бюджеттердің есебінен жоғары және кәсіптік орта оқу орындарын бітірген және жұмыс істеу үшін ауылға келген жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету керек. Бұл шаралар жас мамандардың ауылда тұрақтауына, ауылдық білім беру ұйымдары педагогикалық қызметкерлерінің сапалық құрамын жақсартуға ықпал ететін болады.

Ауылдық мектептерді бітірушілер үшін кәсіптік білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету ауыл жастарының ауылдың көп салалы экономикасы жағдайында сұранымға ие кәсіптерге кәсіптік бағдарлануын одан әрі жетілдіруді көздейді.

Жоғары оқу орындарында педагогика кафедраларын, жеке әдістемелерді, оларды толыққанды ғылыми әдістемелік қамтамасыз етуді, педагогиканы, психологияны зерделеу сағаттарын ұлғайтуды, студенттердің білім беру ұйымдарында педагогикалық практикадан өту бөлігінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіруді күшейту талап етіледі. Педагогикалық мамандықтар бойынша оқу құралдарын әзірлеу және қайта басып шығару қажет.

Ауыл мектептері мұғалімдерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінде педагогикалық ғылымның жаңа жетістіктері мен ауылдық және шағын жинақталған мектептерде оқытуды ұйымдастыру жөніндегі отандық және шетелдік озық тәжірибені практикаға енгізу ескерілуі тиіс, шағын жинақталған мектептердегі жұмыс ерекшелігін ескере отырып, педагогтардың әртүрлі санаттарына арналған курстарды ұйымдастыруға сараланған тәсілмен келу керек.

Ауылдың педагогикалық кадрларын өндірістен қол үздірмей, қашықтан оқыту моделін енгізу арқылы білім беру қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз арттырудың қажеттілігі пісіп жетілді.

Сондай-ақ, ауылдық мектептердің мұғалімдеріне практикалық көмек көрсетуге арналған аудандық әдістемелік кабинеттердің жұмысын қайта жаңарту, озық педагогикалық тәжірибе, ауылдағы білім беру жүйесін дамыту жөніндегі ғылыми әдістемелік және дидактикалық деректер қорын жасау қажет.

5.1.6. Ауылдағы білім беру ұйымдарын қаржылық қамтамасыз ету

Соңғы жылдары ауылдық білім беру ұйымдарының қаржылық жағдайының тиісті жергілікті атқарушы органдар бюджеттерінің толығына тәуелділігінің проблемасы ерекше күшейе түсті, мұның өзі әртүрлі аймақтардың ауылдық білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері мен жұмыс жағдайларының теңсіздігіне әкеліп соғады.

Облыстар бөлінісіндегі білім беруге жұмсалатын шығындардың едәуір айырмашылығы объективті себептерге (әртүрлі климат жағдайлары, еңбекақыға аймақтық коэффициенттерді алып тастау) байланысты ғана қалыптасып отырған жоқ,

сондай-ақ білім беруге жұмсалатын шығыстарды айқындайтын бірқатар бекітілген нормалар мен нормативтердің жоқтығынан болып отыр.

Ауылдық жердегі білім беру ұйымдарының материалдық техникалық базасын жүйелі түрде және кезең-кезеңімен жанартуды жүзеге асыру көп арналы қаржыландыру жағдайында ғана мүмкін болмақ, ол бюджеттік қаражатты пайдаланумен бірге жеке меншік капиталдың: демеушілер мен жергілікті шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүмкіндіктерін тартуды көздейді.

Жергілікті атқарушы органдар білім беруге жұмсалатын шығыстарды есептеу кезінде Республикалық бюджеттік комиссиясы кезекті қаржы жылына субвенциялар мен алулардың көлемін облыстарға белгілеген кезде сақталуы міндетті болып саналатын нормалар мен нормативтерді бекітудің қажеттілігі пісіп жетілді.

Білім беру ұйымдарын қазіргі заманға сай қайта жарақтандыру және ауыл мектептерінде сапалы білім алуға бірдей құқықты шын мәнінде қамтамасыз ету үшін кемінде 3 жыл бойы ауылдағы білім беруді қаржыландырудағы күрделі шығыстардың үлесін 30%-ға дейін ұлғайту қажет.

Мектептерді жарақтандыру жөніндегі мемлекеттік тапсырыс білім берудің өз индустриясын дамытуға жәрдемдеседі.

5.2. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Бағдарламаны республикалық деңгейде орындау үшін оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, 2005 жылға дейін жергілікті деңгейде ауыл мектептерін дамыту жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

"Ауыл мектебі" бағдарламасын іске асыру процесіне жүйелі бақылау мен жедел басқаруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

Бағдарламаның іс-шаралары мемлекет есебінен, сондай-ақ қаржыландыруға донорлық ұйымдарды тарта отырып, пилоттық жобаларды ұйымдастыру жолымен іске асырылатын болады.

Болашағы бар елді мекендерде жаңа ауыл мектебінің құрылысы жүзеге асырылатын болады. 2003-2005 жылдарға болжамды шығындар - 11107,2 млн.теңгені құрайды: 2003 жылы - 3868,8 млн.теңге, 2004 жылы - 3714,0 млн. теңге, 2005 жылы - 3524,4 млн.теңге.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде бірқатар шаралар жоспарланып отыр.

Күрделі жөндеуді қажет ететін жалпы білім беретін және арнайы түзету мектептеріне жөндеу жүргізіледі.

Ауыл мектептердің қажеттілігін ескеріп, тозығы жеткен оқушылар парталары мен сынып тақталарын сатып алу және жыл сайын жаңартып отыру көзделуде.

Арнайы түзету мекемелері үшін жабдықтар сатып алу көзделуде. Осы білім беру ұйымдарын қазіргі арнайы жабдықтармен жарақтандыру даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу-материалдық базаны нығайту және қажетті пән кабинеттерін құру жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартын толық көлемде орындауды, оқыту сапасын, ауылдық оқушылардың білім деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Бағдарламаның іс-шаралары бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарына қосымша қажеттіліктің есептеулері 2002 жылғы баға деңгейі негізге алына отырып, индикативтік жоспар жобасына сәйкес жасалды.

Бағдарламаны іске асыруға арналған мемлекеттік бюджеттің шығыс көлемі 34049,082 млн. теңге құрайды, оның ішінде республикалық бюджеттен - 12123,18 млн.теңгені, жергілікті бюджеттен - 21925,902 млн. теңгені:

2003 жылға - барлығы - 11712,520 млн.теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен - 4207,460 млн.теңгені, жергілікті бюджеттен - 7505,060 млн. теңгені;

2004 жылға - барлығы 11279,186 млн.теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен - 4052,660 млн.теңгені, жергілікті бюджеттен - 7226,526 млн. теңгені;

2005 жылға - барлығы 11057,376 млн.теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен - 3863,060 млн.теңгені, жергілікті бюджеттен - 7194,316 млн.теңгені құрайды.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Шараларды қабылдаудың нәтижесінде:

ауылдағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңмен нығайту, білім беру ұйымдарының желісін сақтау мен дамыту жүзеге асырылады; 63 ауыл мектебінің құрылысы жүзеге асырылатын болады, оның ішінде апатты жағдайда тұрған 22 мектептің орнына жаңа ғимараттар салу көзделген: 2003 жылы - 24 мектеп, 2004 жылы - 21, 2005 жылы - 18. Бұл ауыл халқына білім беру қызметін көрсетудің қол жетімділігін, кепілдендірілген орта білім алуды неғұрлым толық көлемде қамтамасыз етеді;

педагогтарды, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық база жетілдіріледі;

ауыл мектебін бітірушілердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ететін, сондай-ақ қалалық және ауылдық мектеп оқушыларын оқыту деңгейлерін жақындастыратын ауылдық және шағын жинақталған мектептер оқушыларын оқыту процесін тиімді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалады;

ауыл мектептерінің, оның ішінде шағын жинақталған мектептердің, мектепке

дейінгі ұйымдардың мұғалімдерін кадрлық қамтамасыз ету жақсартылады, бұл білім берудің сапасын, мектептің әлеуметтік және мәдени рөлін, ауыл мұғалімінің мәртебесін арттыруға ықпал етеді;

біркелкіліктен білім беру мен тәрбиелеуді саралау және ықпалдастыққа көшуді қамтамасыз ететін ауыл мектептерінің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің бейімделген технологиялары, ауыл шаруашылығын көтеруге, ауылды әлеуметтік жайластыруға қатысуға дайын мектеп бітірушілерді даярлау енгізіледі;

білім беру сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесі, дұрыс және салыстырмалы деректер алуды қамтамасыз ететін бағалаудың объективті рәсімдері мен технологиялары, яғни сапалы білім беру мониторингінің тиімді жүйесі жасалатын болады;

ауылдағы, оның ішінде даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған білім беру ұйымдарының жаңа модельдері мен үлгілерінің жұмыс істеуі және дамуы қамтамасыз етіледі;

ауылдағы мектепке дейінгі тәрбие жүйесін дамыту, мектепке дейінгі тәрбиенің мемлекеттік стандарттарын енгізу, сондай-ақ мектеп алдындағы дайындықты міндетті жүзеге асыру үшін жағдай жасалатын болады.

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен .

1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

N р/с	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Орындалу (іске асыру) мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	
1	2	3	4	5	6	7
1.	Шағын жинақталған мектептің	Бұйрық	БҒМ	2003 ж.	2003 ж.	2004 ж.*
	Оны енгізу, оқытудың ұйымдастыру	Әкімдердің арнайы	моделінің шешімдері	жасау. 2003 ж. тардың	34,5 тамыз	33 әкімдері

н ы с а н д а р ы н ,
ж а ң а а қ п а р а т .
т ы қ т е х н о л о г и я .
л а р д ы с ы н а қ т а н
ө т к і з у ж ө н і н д е г і
э к с п е р и м е н т т і к
а л а ң д а р

ұйымдастыру

2. Базистік оқу Бұйрық БҒМ 2003 ж.
ж о с п а р ы н ы ң І І
н е г і з і н д е т о қ с а н
а у ы л д ы қ ж ә н е
ш а ғ ы н ж и н а қ т а л .
ғ а н м е к т е п т е р г е
а р н а л ғ а н о қ у
ж о с п а р л а р ы н ы ң
н ұ с қ а л а р ы н

әзірлеу

3. Педагогикалық Бұйрық БҒМ, ИСМ 2003 ж.
м а м а н д ы қ т а р ж е л т о қ с а н
б о й ы н ш а м е м л е .
к е т т і к с т а н .
д а р т т а р д ы
ж е т і л д і р у

**2. Ауылдық білім беру ұйымдарының желісін сақтау, дамыту
және материалдық-техникалық базасын нығайту**

4. Жаңа ауыл ҚР БҒМ 2003 ж. 3868,8 3714,0
мектептерін Үкіметі ІҮ тоқсан
салуды қамта. қаулысы. 869,9 832,14
м а с ы з е т у н ы ң
жобасы
5. Авариялық жағ. Әкімдердің Облыстар. 2003- 567,434 524,03
дайдағы мектеп. шешімдері дың 2005 жж.
терді қайта әкімдері І тоқсан
ж а ң а р т у д ы

жүргізу

6.	Түзету білім беру ұйымдарын қажетті арнайы жабдықпен	Әкімдердің Барлық шешімдері	2003- деңгей. дегі	48,83	34,23
				2005 жж. I тоқсан	әкімдер

жарактандыру

7.	Химия, биология кабинеттері жоқ жалпы білім	Әкімдердің Облыстар. шешімдері	2003-дың	134,8	123,7
			әкімдері	2005 жж. I тоқсан	
			беретін орта мектептерде оларды ашу, қажетті оқу жабдықтарымен		

қамтамасыз ету

8.	Физика кабинет. тері жоқ жалпы білім беретін	Әкімдердің Облыстар. шешімдері	2003-дың	794,38	794,38
			әкімдері	2005 жж. I тоқсан	
			негізгі және орта мектептерде оларды ашу, оқу жабдықтарымен қамтамасыз		

ету

9.	Жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында оқышұлар парталары	Аймақтық бағдарла. малар, оқышұлар	Облыс. тардың	2003 ж. 690,43	636,63
			әкімдері		
			әкімдердің шешімдері мен сынып тақталарын сатып алу және жыл сайын жаңалауды		

қамтамасыз ету

10.	Арнайы түзету білім беру ұйымдарында	Әкімдердің Облыстар. шешімдері	I тоқсандың	106,6	68,96
			әкімдері	жыл сайын	
			күрделі жөндеу		

ж ү р г і з у д і

жүзеге асыру					
11.	Ауылдық білім беру ұйымдарында уақытылы	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	1240,99 жыл сайын	1157,09 әкімдері
		к ү р д е л і	ж ө н д е у	ж ү р г і з у д і	
жүзеге асыру					
12.	Білім беру ұйымдарының	Бұйрық	БҒМ	желтоқсан жыл сайын	
		к і т а п х а н а	қ о р .		
		л а р ы н	о қ у - т а н ы м .		
		д ы қ ,	к ө р к е м		
		ж ә н е	б а с қ а		
	әдебиетпен толықтыруды қамтамасыз ету	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	468,26 жыл сайын	468,26
13.	"Ауыл мектебі" облыстық ашық теледидар	Әкімдердің Облыс. шешімдері	жыл сайын тардың	2,8	2,8
		к а й ы р ы м д ы л ы қ	а к ц и я л а р ы н		
өткізу					
14.	Алыс ауылдардан оқушыларды мектепке арнайы ҚР автокөлікпен әкелуді жүзеге асыру	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	115,79 жыл сайын	115,38 әкімдері
		Үкіметіне	ақпарат		

3. Оқыту мен тәрбие сапасын арттыру

15.	"Ауыл мектебі" бағдарламасында белгіленген	Бұйрық	БҒМ	2003-	1,8	1,8
					2005 жж.	
					І тоқсан	
		к ү т і л е т і н	н ә т и ж е л е р г е	ж е т у г е	ж ә р д е м .	
		д е с е т і н	а у ы л д ы қ			

мектептерді
дамытудың
негізгі бағыт.
тары бойынша
ғылыми-зерттеу
жұмыстарының
орындалуын

жүзеге асыру

16.	Аудандық білім беру бөлімдері жанындағы	Әкімдердің шешімдері	Облыс. тардың	2003 ж.	282,26	282,26
					I тоқсан	әкімдері
					әдістемелік	
					кабинеттердің	
					тұрақты жұмыс	
					істеуін қамта.	

масыз ету

17.	Ауылда балалар мен жасөспірімдердің демалы.	Әкімдердің шешімдері	Облыс. тардың	2003-	135	135
					2005 жж.	әкімдері сәуір
				сын	ұйымдасты.	
	руды, сауықты.	ҚР		БҒМ	2003-	
	руды және жұмыспен	Үкіметіне			2005 жж.	
		ақпарат			қазан	
				қамтуды	қамта.	

масыз ету

18.	Жасөспірімдер мен жастарға консультациялар беруді жүзеге	Әкімдердің шешімдері, тардың бұйрық	Облыс.	2003 ж.	53	50,94
					I тоқсан	әкімдері
					ДСМ	
					асыру үшін	
					емдеу-сауықтыру	
					мекемелерінің	
					жанынан	
					консультациялық	

пункттер ашу

19.	Құқық қорғау органдарымен және ауылдық білім беру	Қазақстан Республ.	БҒМ, ИМ Облыс.	2003-	51,42	51,42
					2005 жж.	
					тардың қаңтар,	
					Үкіметіне әкімдері	шілде

ұйымдарының есеп

басшыларымен
бірілесіп, құқық
бұзушылық пен
балалар қадаға.
лаусыздығының
алдын алу
мәселелері
бойынша жұмыс

жүргізу

20.	Балалар, жастар Бұйрық	Ақп.мині	I тоқсан	2,1	2,1
	тақырыбы	Әкімдердің	Облыс.	жыл сайын	
	бойынша жаңа		шешімдері	тардың	
	теле-, радио			әкімдері	
			хабарлары		

жасау

21.	Балаларға ар.	Бірлескен	Ақп.мині,	I тоқсан	1,9	1,9
	налған үздік	бұйрық	Мәд.мині		жыл сайын	
	музыкалық		Әкімдердің	БҒМ,Облыс.		
	шығармаларға,		шешімдері	тардың		
	кинофильмдерге,			әкімдері		
			әндерге,	бала.		
			лардың	көркем		
				әдебиетіне		
				конкурстар		

өткізу

22.	Дін ұстану	БАҚ-тарға	Ақп.мині	тұрақты	7,15	7,15
	бостандығы			жарияла.	Облыс.	
	құқықтары,		нымдар		тардың	
	сондай-ақ діни				әкімдері	
				экстремизмге		
			қарсы	күресті		
				насихаттау		
			жөніндегі	мәсе.		
			лелерін	бұқара.		
			лық	ақпарат		
				құралдарында		
				жариялануын		

қамтамасыз ету

23.	Ауылдық жалпы білім беретін мектептерде	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	65 жыл сайын	60,2 әкімдері
			к ә с і п т і к б а ғ д а р л а у к а б и н е т т е р і н а ш у , м е к т е п . а р а л ы қ о қ у - ө н д і р і с т і к к о м б и н а т т а р д ы		
	қалпына келтіру				
24.	Пәндерді бейін. Әкімдердің Облыс. дік және терең. шешімдері детіп оқытатын	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	220,4 жыл сайын	220,4 әкімдері
			а у ы л д ы қ т е р д і ң	м е к т е п . ж е л і .	
	лерін кеңейту				
25.	Ауылдық мектеп. Әкімдердің Облыс. терде бейіндік шешімдері еңбекке баулуға	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	85 жыл сайын	84,9 әкімдері
			ж ә н е д а я р л ы қ қ а д е й і н г і ж ү з е г е ж а ғ д а й д ы	к ә с і п т і к о қ ы т у д ы а с ы р у ға	
	қамтамасыз ету				
26.	Әрбір ауылдық ауданда мектеп. шешімдері тен тыс қосымша	Әкімдердің Облыс. шешімдері	қаңтар тардың	700,786 жыл сайын	712,786 әкімдері
			б і л і м ұ й ы м д а р ы н ы ң ж ұ м ы с қ а м т а м а с ы з	б е р у і с т е у і н е т у	

4. Педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау

27.	Мемлекеттік жоғары оқу	Бұйрық БҒМ	2003 ж.	332,9 ІІ тоқсан	332,9 орындарының
-----	------------------------	------------	---------	-----------------	-------------------

т ұ р ғ ы н ү й м е н
қ а м т а м а с ы з е т у

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

N р / с	Болжамды шығыстар Қаржыландыру (млн . теңге) көзі
	2 0 0 5 ж . *
	8 9
1 .	3 3 , 3 Ж е р г і л і к т і бюджет
2 .	Қ а р а ж а т т а л а п етілмейді
3 .	Қ а р а ж а т т а л а п е т і л м е й д і
4 .	3 5 2 4 , 4 Р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т 8 5 9 , 3 Ж е р г і л і к т і бюджет
5 .	5 0 5 Ж е р г і л і к т і бюджет
6 .	3 1 , 5 3 Ж е р г і л і к т і бюджет
7 .	1 0 0 , 9 Ж е р г і л і к т і бюджет
8 .	7 8 9 , 2 8 Ж е р г і л і к т і бюджет
9 .	6 1 3 , 5 3 Ж е р г і л і к т і бюджет
1 0 .	6 8 , 9 6 Ж е р г і л і к т і бюджет
1 1 .	1 1 7 3 , 1 5 Ж е р г і л і к т і бюджет
1 2 .	4 6 7 , 0 6 Ж е р г і л і к т і бюджет

13 .	2 , 8	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
14 .	1 1 4 , 6 8	Ж е р г і л і к т і
		б ю д ж е т
15 .	1 , 8	Р е с п у б л и к а л ы қ
	бюджет	
16 .	2 8 2 , 2 6	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
17 .	1 3 5	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
18 .	5 0 , 9 4	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
19 .	5 1 , 4 2	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
20 .	2 , 1	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
21 .	1 , 9	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
22 .	7 , 1 5	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
23 .	5 9 , 2	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
24 .	2 2 0 , 4	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
25 .	8 4 , 9	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
26 .	7 1 2 , 7 8 6	Ж е р г і л і к т і
		б ю д ж е т
27 .	3 3 2 , 9	Р е с п у б л и к а л ы қ
	бюджет	
28 .	3 , 9 6	Р е с п у б л и к а л ы қ
		б ю д ж е т
	9 2 , 4 7	Ж е р г і л і к т і
	бюджет	
29 .	7 3 4 , 4	Ж е р г і л і к т і
		б ю д ж е т

2004, 2005 жылға арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталатын болады.

Жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың жыл сайынғы көлемін жергілікті өкілді органдар анықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК